

ЖЕМ - САҒЫЗ

№19 (7879) 14 мамыр, Бейсенбі 2026 жыл



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

Мереке жаңғырығы

БАТЫРЛАР САЯБАҒЫНДА ГҮЛ ШОҚТАРЫ ҚОЙЫЛДЫ

9 мамыр – Жеңіс күніне орай аудан орталығындағы Батырлар саябағында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтарды еске алуға арналған салтанатты гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Ерлік пен елдікке тағзым еткен бұл шараға аудан жұртшылығы көптеп жиналып, майдан даласында от кешкен батырлардың рухына құрмет көрсетті.



Салтанатты рәсімге аудан әкімі, аудандық мәслихат төрағасы мен депутаттары, ардагерлер кеңесінің мүшелері, құқық қорғау және күштік құрылымдардың өкілдері, мекеме басшылары, мемлекеттік қызметкерлер, қоғамдық ұйым мүшелері, жастар және аудан тұрғындары қатысты.

Шара барысында жиналған қауым Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды. Одан кейін Батырлар саябағындағы ескерткішке гүл шоқтары қойылып, Отан үшін жанын қиған боздақтардың рухына тағзым жасалды. Бұл сәтте саябақ маңын ерекше бір тебіреніс пен үнсіз құрмет сезімі кернеді.

Жеңіс күні – тарихтағы ең ауыр кезеңдердің бірі болған сұрапыл соғыстың аяқталғанын білдіретін, бейбіт өмірдің бағасын ұғындыратын қасиетті мереке. Миллиондаған адамның тағдырына із қалдырған соғыс жылдары қазақ халқы да майданға мыңдаған ұл-қызын аттандырды. Олар Отан үшін жанын аямай күресіп, батырлықтың, қайсарлықтың және елге деген шексіз сүйіспеншіліктің үлгісін көрсетті.

Қазақстаннан майданға аттанған жауынгерлер Мәскеу, Ленинград, Сталинград үшін шайқастарда ерлік танытып, Берлинге дейін жетті. Тылдағы еңбеккерлер де Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосты. Қарттар, әйелдер мен балалар күн-түн демей еңбек етіп, майданды азық-түлікпен, киім-кешекпен және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Сондықтан Жеңіс – тек майдандағы жауынгерлердің ғана емес, бүкіл халықтың ортақ жеңісі.

Салтанатты шараның басты мақсаты да майдангерлердің өшпес ерлігін ұлықтау, олардың есімін ұрпақ жадында мәңгі сақтау, сондай-ақ жастардың бойына отансүйгіштік пен елге деген құрмет сезімін қалыптастыру болды. Себебі өскелең ұрпақ бейбіт өмірдің оңайлықпен келмегенін терең түсініп, ата-баба аманатына адал болуы тиіс.

Мерекелік рәсім барысында патриоттық әндер шырқалып, Жеңіс тақырыбына арналған концерттік нөмірлер көпшілік назарына ұсынылды. Өн мен жыр арқылы соғыс жылдарындағы халықтың қайсар рухы, батырлардың ерлігі және елге деген сүйіспеншілігі кеңінен насихатталды.

Бүгінде ардагерлер қатары сиреп барады. Алайда олардың жасаған ерлігі мен еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Батырлар рухына тағзым ету, олардың ерлігін дәріптеу және бейбіт өмірдің қадірін білу – әр азаматтың қасиетті борышы.

Әйгерім КАРИМАН

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Ұлы Жеңістің 81 жылдығына орай ауданда тыл еңбеккерлеріне құрмет көрсету дәстүрі жалғасын тапты. Аудан әкімі Айбек Көпенов соғыс жылдарында елдің еңсесін көтеруге үлес қосқан қариялардың шаңырағына арнайы барып, оларды Жеңіс күні мерекесімен құттықтады.

Бұл күні аудан басшысы тыл ардагерлері Нағима Шеркешбаева мен Парахат Бекқұловтың үйлерінде болып, мерекелік лебізін жеткізді. Кездесу барысында ардагерлердің ел алдындағы ерен еңбегі, қиын-қыстау кезеңдердегі табандылығы мен төзімі ерекше атап өтілді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан даласындағы жауынгерлермен қатар, тылда еңбек еткен жандардың да еңбегі орасан болды. Олар күн-түн демей жұмыс істеп, майданды азық-түлікпен, киім-кешекпен және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге атсалысты. Бүгінгі бейбіт өмір – сол буынның маңдай тері мен жанкешті еңбегінің нәтижесі.

Нағима Шеркешбаева 1934 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Соғыс басталғанда жастығына қарамастан еңбекке араласып, егін алқабында жұмыс істеді. Балалық шағы ауыр кезеңмен тұспа-тұс келсе де, ол мойымай, ел игілігі үшін аянбай тер төкті. Соғыстан кейінгі жылдары пошта саласында ұзақ жыл еңбек етіп, тұрғындарға адал қызмет көрсетті. Саналы ғұмырын елге арнаған ардақты ана бүгінде ұрпағының ортасында қадірлі қарияға айналған.



Парахат Бекқұлов та бар өмірін ауыл шаруашылығы саласына арнаған еңбек адамы. Ол туған жердің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, мал шаруашылығын дамыту жолында табанды еңбек етті. Өз ісіне деген жауапкершілігі мен туған топыраққа деген сүйіспеншілігі арқылы кейінгі буынға өнеге көрсетті.

Кездесу барысында аудан әкімі Айбек Көпенов ардагерлерге Мемлекет басшысының және аудан тұрғындарының атынан алғыс білдірді.

– Сіздердің қиын кезеңдердегі қажырлы еңбектеріңіз бен елге деген адал қызметтеріңіз – бүгінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге. Ұлы Жеңіске қосқан үлестеріңіз бен бейбіт өмірді қалыптастырудағы еңбектеріңіз ешқашан ұмытылмайды. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық тілеймін, – деді аудан басшысы.

Ардагерлер көрсетілген құрметке ризашылықтарын білдіріп, елдің тыныштығы мен халықтың бірлігі ең үлкен байлық екенін атап өтті. Олар жастарға татулықты сақтап, туған елге адал қызмет етудің маңызын жеткізді.

Жеңіс күні қарсаңында ардагерлерге құрмет көрсету – ел тарихына тағзым етудің жарқын көрінісі. Өткенді ұлықтау, аға буынның еңбегін бағалау және олардың өнегелі өмірін жастарға насихаттау – ұрпақ сабақтастығының маңызды бөлігі.

Байғанин ауданында ардагерлерге қолдау көрсету мен құрмет білдіру жұмыстары әрдайым назарда. Бұл – ел үшін еңбек еткен жандарға деген шынайы алғыс пен зор құрметтің белгісі.

Әйгерім ӘНУАРБЕК

Таза Қазақстан

ӘР ТАЛ – БЕЙБІТ КҮННІҢ БЕЛГІСІ

Ауданда Жеңіс күні мерекесіне орай және «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында табиғатты түлету мен тарихи жадыны ұлықтауды қатар тоғыстырған игі бастама ұйымдастырылды. Бейбіт өмірдің қадірін насихаттап, жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеуге бағытталған шара барысында аудан бойынша 113 түп ағаш көшеті отырғызылды. Оның 30 түбі аудан орталығындағы Батырлар саябағына егілді.



Табиғатты қорғау мен туған жерді көрейтуге бағытталған бұл шараның мәні тек көгалдандырумен шектелмейді. Ол – соғыс жылдарында ел үшін жанын берген қаһармандардың рухына құрмет көрсетудің, бейбіт өмірдің қадірін ұғындырудың және жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің жарқын көрінісі.

Батырлар саябағы – аудан тұрғындары үшін ерекше маңызға ие орын. Бұл жерге келген әрбір адам өткен тарихқа тағзым етіп, бүгінгі бейбіт күннің бағасын терең сезінеді. Сондықтан саябақ аумағына көшет отырғызу – Жеңіс рухын ұлықтаудың символдық мәні зор қадамы болды.

Игі бастамаға аудан әкімі Айбек Көпенов, ауыл ақсақалдары, ардагерлер, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, жастар ұйымдарының өкілдері және белсенді тұрғындар қатысты. Қатысушылар бірлесіп еңбек етіп, саябақ аумағына бірнеше түп жас көшет отырғызды.

Көшет отырғызу – қарапайым еңбек емес, терең мағынаға ие игі іс. Бүгін егілген жас ағаштар уақыт өте келе саялы баққа айналып, келешек ұрпаққа көлеңкесін түсіріп, табиғатқа сән береді. Сол сияқты, батырлардың ерлігі де ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

– Соғыста қаза тапқан ерлердің рухына тағзым етудің ең жақсы жолдарының бірі – туған жерді түлету. Бүгін отырғызылған ағаштар ертең ел игілігіне қызмет етеді. Бұл – бейбіт өмірдің белгісі, – деді шараға қатысқан қариялар.

Президент бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық акциясы қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және елді мекендерді абаттандыруға бағытталған. Акция аясында аудан көлемінде сенбіліктер ұйымдастырылып, көшелер мен қоғамдық орындар тазартылып, ағаш көшеттері отырғызылуда.

– Бұл шараның маңызы өте зор. Батырлар саябағы – ел үшін жанын қиған ерлердің ерлігіне тағзым ететін қасиетті орын. Осындай жерде ағаш отырғызу арқылы біз бір жағынан табиғатты қорғауға үлес қоссақ, екінші жағынан Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің рухына құрмет көрсетеміз. Әрбір отырғызылған тал – бейбіт өмірдің, ел бірлігінің және болашаққа деген сенімнің белгісі. Жастарға туған жерді сүю, тарихты құрметтеу және табиғатты аялау секілді құндылықтарды дәріптеу – осы шараның басты мақсаты. Таза Қазақстан» акциясы аясында ауданымызда жүйелі жұмыстар әлі де жалғасады. Елді мекендерді абаттандыру, көшелер мен қоғамдық орындарды тазарту, ағаш көшеттерін отырғызу және жасыл аймақтарды кеңейту бағытында нақты жоспарларымыз бар. Бұл жұмыстарға мемлекеттік мекемелермен қатар, еріктілерді, жастарды және аудан тұрғындарын белсенді тартуға ерекше көңіл бөлінуде. Өйткені туған жердің тазалығы мен көркеюі – баршамызға ортақ міндет. Осындай игі бастамалар арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастырып, жастардың қоғамға деген жауапкершілігін арттыруды көздейміз. Бүгін отырғызылған жас көшеттер уақыт өте келе алып ағашқа айналып, бейбіт өмір мен ел амандығының символы ретінде тамыр жады. Бұл игі іс – өткенге құрмет, бүгінге жауапкершілік және болашаққа деген сенімнің айқын, – дейді аудан әкімінің орынбасары Рүстем Раушанов.

Сонымен қатар акция аясында “Дәуімшар” еркертікіші айналасын да тазарту, арам шөп шабу және бояу жұмыстары жүргізілді. Оған аудандық жастар ресурстық орталығы мен Кәсіптік техникалық колледжінің жастары атсалысты.

Әйгерім ЖАРТИНА

Кездесу

ҚАЗАҚТЫҢ «ҚЫЗ ЖІБЕГІ» — БАЙҒАНИНГЕ КЕЛДІ

Қазақ кино өнерінің символына айналған, сұлулық пен іңкәрліктің нышаны – Қазақстанның Халық әртісі Меруерт Өтекешова мерейлі 75 жасқа толды. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп келе жатқан актрисаның шығармашылық жолы – ұлттық мәдениетіміздің алтын парағы. Осы айтулы датаға орай, өнер иесі осы апта басында Байғанин ауданының жұртшылығымен жүздесті. Сондай-ақ, кешке Ақтөбе облысы әкімінің гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі кеңесшісі, AMANAT партиясы фракциясының облыстық мәслихат депутаты Күлпаршын Айдарханова, ақын, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Мәдениет саласының үздігі, «Құрмет» орденінің иегері Жұлдыз Қожабекова қонақ болып қатысты.

Меруерт Өтекешова есімі аталғанда әр қазақтың көз алдына бірден «Қыз Жібек» бейнесі келері хақ. Ол экранда ғана емес, өмірде де қазақ қызына тән парасаттылық пен нәзіктіктің үлгісін көрсетіп келеді. Бүгінде абыз жасқа толған актрисаның өнердегі ізі мен еңбегі мемле-

кет тарапынан да, халық тарапынан да жоғары бағаланған.

Мерейтой иесі өзінің 75 жылдық қуанышын халықпен бірге бөлісуді жөн көріпті. Сонымен, кеш шымылдығы «Қыз Жібек» фильміндегі Қыз Жібектің үнімен тербелген, әнші Ақбота Тәжмағанбето-

ваның орындауындағы «Гәкку» әнімен түрілді. Одан кейін сөз кезегі берілген аудан әкімі Айбек Көпенов Меруерт Қаратайқызының талай жайсаңдар мен жақсыларды өмірге әкелген Байғанин топырағына келгеніне үлкен ризашылығын білдіріп, халық атынан рақмет айтты.



(Басы. Соңы 2-бетте).

ҚАЗАҚТЫҢ «ҚЫЗ ЖІБЕГІ» — БАЙҒАНИИНГЕ КЕЛДІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Кейде бір есімнің тұтас бір тағдырға айналатынындай, қазақ халқы ырымдап саналы әрі биік тұлғаларға еліктеп өссін деп, балаларына олардың есімдерін береді. Дәл сондай ниетте «қызымыз Меруеттей ибалы, өнерлі, жарық болсын...» деп, ата-аналары қыздарына шоқтығы биік Меруерт есімін берген, бүгінде сол есімді аркалап жүрген арулар сахна төріне көтеріліп, Меруерт апаларына жылы лебіздерін білдіріп, есімдерімен мақтанатындарын жеткізді. Ал ақын, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Жұлдыз Қожабекова Байғанин жұртшылығына арнау арнады.

Кештің негізгі бөлігінде кеш жүргізушісі, мәдениет саласының қайраткері Нұрәділ Қолдасбаевтың «Сіз үшін өнер таңдау ма? Тағдыр ма? Өнер жолына қалай келдіңіз?» деген сұрағына Меруерт Қаратайқызы: "Баланың алдыға мақсат қоюы ерте басталуы қажет. 5-6 сынып оқып жүрген бала ер жеткен соң кім болатынын бағдарлай алуы керек. Мен киноны бала күнімнен жақсы көрдім. Менің бала шағымда кино қат уақыт. Алайда кинотеатр болды. Анамның рұқсатымен 5-10 тиынды жинап, сол кинотеатрға баратынымын. Актриса болу арманым сол кезде басталды ма деймін. Мен үшін кино әлемі таңсық еді. Кім түсіреді? Қалай түсіреді? Еш хабарым жоқ. Бірақ сол арман орындалды. Менің 10 сынып оқып жүрген кезімде, «Лениншіл жас» газетіне «Қыз Жібекті кім ойнайды?» деген мақала шықты. Мен көп ойландым. Киностудия жан-жақтан ең әдемі қыздардың суреттерін жинап жатқан кезде мен өзім бардым. Фотограф бірнеше кадр



сурет жасады. Галя дейтін апай хабарласатынын айтты. 2-2,5 ай уақыт өткен соң, қайта шақырту алдым. Сурет пробасынан өткен болуым керек, енді өнер көрсетуім керек болды. Қазақстанның барлық қаласынан 400-500 қыз болу керек, саны анық есімде жоқ, бірақ сол шамалас қыз жиналды. Комиссия құрамында фильм режиссеры Сұлтан Божықов, сценарийін жазған Ғабит Мүсірепов, композитор Нұрғиса Тілендиев, суретші Гүлфайруз Исмаилова сынды мықтылар болды. Сол жандардың алдында мен де өз бағымды сынадым. Бірнеше жүздеген қыздың ішінен 5-6 қыз тағы да іріктеліп алынып, олардың қатарын мен де қосылдым. Сұлтан ағаның менің бойымнан нені көргенін білмеймін, «жас қыз ойнау керек» деген бір сөзі мені кино әлеміне алып келді. Басында «қаланың қызы, киноға түсіп көрмеген, қалай болар екен» деген көп сұрақ болды. Маған бір мүмкіндік беріліп, алғашқы кадрларды ойнап көретін болып шешілді", - деп ағынан жарылды.

Кездесу барысында «ашық микрофон» айдарында залға жиналғандар да еркін сұрақ қою мүмкіндігін алды. Көрерменді әсіресе, "Қыз Жібекті" түсіру процесі қызықтырды.

Бір жылдай сьемка болды. Ол түсірілім алаңында өнер майталмандары жүрді. «Қыз Жібек» фильмінде мен ғана тосыннан келген жан болдым. Атақты Төлеген бейнесін театр факультетінің 3-ші курс студенті Құман Тастанбеков, Бекежанды Асанәлі Әшімов ағамыз сомдады, менің жанымдағы Ақкер-

бездің рөлін Фарида Шарипова ойнады, Шегені ойнаған Арман Молдабеков те атақты жандар еді. Олардың қатарында Кенжетай Қожабеков, Сабира Майқанова да бар. Мен бақыттымын. Осындай жандардың қасында жүріп, олардың өнерлері маған сабақ болды, өмірлік көзқарасты қалыптастырылды. Сұлтан ағамыз да соғыс ардагері, елге аман-есен оралып, Москваға барып 5 жыл оқып келіп, бейбіт заманда қаншама өте тамаша кинолар түсірді. Ол өмірді көрген адам. Ол кісі менімен көп әңгімелесті, - деп еске алда ол кезді халық әртісі.

Театрдың өміріндегі маңызы туралы сұраққа да қадірлі қонақ үлкен оймен жауап берді.

Маған да, Құманға да ең жақыны театр. Театрсыз өмір сүре алмайтын болдық, таң атқаннан күн батқанға сол жерде өткіземіз. Маған жеңілдеу болды. Үлкен қызым Жібекті анам қарасты, ұлым дүниеге келгенде қолымда енем болды. Ешқандай сырын білдірместен атам мен енем көп көмек берді. Биыл біздің театрға 100 жыл. Қара шаңырақ сахнасында Құман екеуміз 50 жыл өткіздік. Кинодағы әлем басқа, театр мүлдем басқа, - дейді актриса.

Қазақ киносы мен театрының алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан, ұлттық өнердің шоқтығы биік өкілі Меруерт Өтекешованың өмір жолы мен шығармашылық тағдыры – тұтас бір дәуірдің шежіресі. Оның сахнадағы һәм экрандағы әрбір бейнесі қазақ әйелінің өзектігін, парасатын, сұлулығы мен рухани биіктігін айшықтап, ұлттық мәдениетіміздің мәңгілік мұрасына айналды.

Кеш соңында Байғанин халқына рақметін айтқан Меруерт Қаратайқызы өзінің осындай киелі топыраққа келгеніне шексіз қуанышты екенін жеткізді. Өнердің ұйыған ортасы ауыл екенін баса айтқан ол, ауылда өсіп жатқан дарындар мен таланттарды шыңдау керектігін айтты. Театр мен кино көрермені болмаса, өміршең болмайтынын да айтты. Өзінің алдында өнер көрсеткен «Ауылдың балаларының» өнеріне танданысы мен сүйіспеншілігін жасыра алмаған өнер иесі оларға ақ батасын берді. Кеш соңында ғасыр тойы тойланғалы отырған Бәкір Тәжібаевтың «Ақбұлақ» әні шырқалды.

Халық әртісімен кездесуге келген өнер сүйер қауымның ыстық ықыласында шек болмады, Меруерт Қаратайқызына гүл шоқтарын табыстап, естелік суретке түсті.

ӨМІР ЖӘНЕ ӨНЕР

Меруерт Өтекешова 1951 жылдың 25 ақпанында Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласында дүниеге келген. Өнерге жақын отбасын-



да өскен қыздың болашақ тағдыры да шығармашылықпен сабақтас болуы заңдылық еді. Әкесі Төлеген – әсем дауысымен көпшілікке танылған өнерпаз, ал анасы Шолпан халық әндерін нақышына келтіре орындайтын жан болған.



Осындай ұлттық өнерге құрметпен қарайтын шаңырақта тәрбиеленген Меруерт кішкентайынан ән айтып, би билеп, мектептегі көркемөнерпаздар үйірмелеріне белсене қатысты. Оның бойындағы сахнаға деген құштарлық ерте оянып, болашақ мамандығын таңдауға әсер етті.

1968 жылы Меруерт Өтекешова Алматыдағы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның театр факультетіне оқуға түседі. Бұл оқу орнында ол қазақ театр өнерінің көрнекті тұлғаларының бірі, КСРО халық әртісі Хадиша Бөкеевадан дәріс алды. Ұстазының тәлімі оның актерлік табиғатын ашып, кәсіби қалыптасуына зор ықпал етті.

Оқуды аяқтаған соң Меруерт Қаратайқызы Қазақ мемлекеттік академи-ялық драма театрының (қазіргі Мұхтар

трисаның табиғи болмысы, сұлу келбеті мен ішкі мәдениеті ерекше үйлесім тапты.

«Қыз Жібек» фильмі қазақ киносының жауһарына айналып, шетел көрермендерінің де жоғары бағасына ие болды. Ал Меруерт Өтекешова ұлттық сұлулықтың символы ретінде танылды. Оның орындауындағы Жібек бейнесі бүгінге дейін көрермен жүрегінен ерекше орын алады.

Меруерт Өтекешова кино арқылы кең танылғанымен, оның театрдағы еңбегі де орасан зор. Ол көптеген классикалық және заманауи туындыларда күрделі образдар жасап, актерлік шеберлігін дәлелдеді.

Актриса ойнаған елеулі рөлдердің қатарында «Еңлік – Кебек» қойылымындағы Еңлік, Мұхтар Әуезовтің «Қарагөзіндегі» Қарагөз, «Амангелді» дра-



Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры) құрамына қабылданды. Жас актрисаның алғашқы рөлдерінің бірі – Шыңғыс Айтматовтың «Ана – Жер-Ана» қойылымындағы Әлиман бейнесі еді. Бұл рөл оның актерлік қуатын айқын танытты.

1970 жылы режиссер Сұлтан

масындағы басты кейіпкерлер, «Ана – Жер-Анадағы» Әлиман бейнелері бар. Өр рөлінде ол кейіпкердің жан дүниесін терең ашып, көрерменге шынайы сезім сыйлады.

Меруерт Өтекешованың жеке өмірі де өнермен тығыз байланысты. Оның жары – Қазақстанның халық әртісі Құман Тастанбеков. Қазақ сахнасы мен киносының айтулы тұлғалары болған бұл қос өнер иесі елдің ерекше ықыласына бөленді. Екеуі өмірде де, өнерде де бір-біріне демеу болып, қазақ мәдениетінің дамуына сүбелі үлес қосты. Олардың өнегелі отбасы көпшілікке үлгі болды. Меруерт Өтекешова ұлттық мәдениет пен ана тілінің жанашыры ретінде де танымал. Ол қазақ өнерін насихаттауға, жастардың рухани тәрбиесіне, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге әрдайым белсенді араласып келеді.

Актриса түрлі кездесулерде жастарға өнердің, тәрбиенің, адамгершіліктің маңызын айтып, өмірлік тәжірибесімен бөліседі. Оның парасаттылығы, қарапайымдылығы мен зиялылығы көпшіліктің құрметіне ие.

Меруерт Өтекешова – тек талантты актриса ғана емес, қазақ әйеліне тән инабаттылықтың, сұлулықтың және даналықтың үлгісі. Оның өнердегі жолы – еңбекқорлық пен табандылықтың, туған халқының мәдениетіне адал қызмет етудің жарқын көрінісі.

Қазақ халқы үшін Меруерт Өтекешова сомдаған Жібек бейнесі ешқашан ескірмейді. Ол – ғасырлар бойы жасайтын рухани қазына. Ал актрисаның өзі – ұлттық өнердің асыл тұлғасы, қазақ мәдениетінің мақтанышы.

Әйгерім ЖАРТИНА

Қоғам

САЛАУАТТЫ ҰРПАҚ – САНАЛЫ ҚОҒАМ КЕПІЛІ



— Саламатсызба, Сағынбай Бағдәулетұлы! Спорт саласының ардагері ретінде бүгінгі жастардың спортқа деген ынтасы мен олардың салауатты өмір салтын ұстануға деген көзқарасын жақсы білетін боларсыз. Өңгімеміздің әлқиссасын алдымен көшегі және бүгінгі жастардың өмір салты мен айырмашылықтарынан бастасақ?

— Мен спорт саласында 42 жыл еңбек еткен адам ретінде көшегі және қазіргі жастардың өмір салтында айтарлықтай айырмашылық бар екенін байқаймын. Бұрынғы жастардың бос уақыты көбіне еңбекпен, спортпен, қоғамдық жұмыстармен өтетін. Ауылда болсын, қалада болсын, қозғалыс көп болды. Өзіміздің де бала күніміз доп теуіп, суға жүзіп, сол спорттың айналысында өтті. Ол кезде қазіргідей жағдай жоқ, доп табудың өзі үлкен бақыт еді. Одан бері күреске көңіл бөлдік. Спорттан дос таптық, орта қалыптастырдық. Әке-шешеміздің тарапынан «сабақ оқымасаң, спортқа бармайсың» деген қатал талап та болды. Спорт – сүйікті ісіме айналған соң, сабақты қатар алып жүрдік. Қолымыздан келгенше, оқып білім алдық. Мектепте жүріп, күрестен облыстың құрама командасында болдым, республикалық жарысқа қатыстым. Спорттың көп пайдасының бірі – режимге үйретеді. Таң атқаннан бастап кеш қарайғанға дейінгі уақытыңды жеткізе алмай қалып жатамыз. Арасында сабақ бар, әке-шешеге қолғабыс жасау бар. Сол уақытты үнемдеп жүріп, басқа бос нәрсеге мойын бұруға шама келмейді. Бүгін... заман дамыды. Өте қарқынды дамып жатыр. Балалар қалмай, ілесіп, белсенді даму үстінде. Бүгінгі жастың уақытының дені телефонда өтіп жатыр-ау деп қынжыламын. Қозғалыс жоқ, физикалық әлсіз, спортпен шұғылданбайды. Бұл, әрине, денсаулыққа да, ой-сананың дамуына да әсер етеді. Ал, телефоннан үйренерінің бәрі жақсы дүние емес. Осы жерде ата-ананың талабы басымырақ болуы керек. Баласының болашағына алаңдаған ана мен әке баласына бос уақыт қалдырмауы шарт. Баланың бәрі спортпен шұғылдансын дей алмаймын. Ән мен күй бар, қолөнер бар, робототехника бар, түрлі шығармашылығын ашатын, өнерге баулитын үйірмелер жетерлік. Әр баланың бойындағы дарынын аша алатын ортаны табу керек. Бірақ ер балалардың денін спортқа берген абзал. Баланы мектепке ғана сеніп тапсырмай, үйден бақылау қажет. Ең алдымен, бала – ата-анаға аманат. Мұғалімнің мәртебесін көтеріп, «сабақ уақытынан тыс балаға ата-ана жауапты болады» деген өзгерістер еніп жатыр екен, қуаныштымын. Балаға мектеп білім берсе, тәрбиені отбасы береді. Осыны ұмытпасақ екен. Тағы бір айта кететін дүние, қазір дене тәрбиесі сабағы бағаланбайды. Баға болмаған жерде талап болмайды, сосын әрине сапа да жоқ. Ер балалар мен қыз балалар үшін дара-дара дене тәрбиесі өтетін. Қазір бәрі бөрге өтеді. Спортқа қызығушылығы жоқ, өзін көрсете алмайтын оқушы үшін сабақтың бағаланбауы қолайлы болып кетті. Мектепте баланың физикалық шынығуы үлкен нәтижелерге әкеледі. Оны ескермей жатырмыз. Балалардың дене қозғалысының аздығының тағы бір дәлелін айтайын. Біздің заманның әскерінде үстіңе 30 кг-дық сауыт-сайманды асындырып, 30 км жүгіртетін. Бүгінгінің жастары 3 км-ге шыдамай қалып жатыр. Нормативтерді мектеп қабырғасынан-ақ бастап тапсырып, дағдылануы керек деп ойлаймын.

— Балалардың бос уақытының көп болып, оны тиімсіз пайдалануы олардың зиянды әрекетпен достасып, жағымсыз қылық танытуына себепші дейсіз ғой. Сіздің ойыңызша, қоғам дертінің біріне айналған нашақорлықтың жастар арасында таралуына қандай факторлар әсер етеді? Осы нашақорлықтың алдын алуда спорт пен салауатты өмір салтын сақтау қаншалықты тиімді деп ойлайсыз?

— Біздің кезімізде нашақорлық туралы бірлі-жарым ғана естимін. Жастар арасында ішінара ішімдікке әуестілік болған шығар. Өзім спортты таңдаған соң, ол зиянды дүниелерден аулақ болдым. Қазір осы зиянды әдет туралы ауылдық жерде де естуге құлақ үйреніп қал-

ды. Сатып, өзі пайдаланып, ұсталып, шатылып жатқандары қаншама. Нашақорлықтың таралуына әсер ететін негізгі фактор – мынау деп айтуға келмес. Алайда, бақылаудың әлсіреуі, отбасы тәрбиесінің жеткіліксіздігі, бос уақыттың дұрыс ұйымдастырылмауы және теріс ортаның ықпалы да әсер етеді. Тіпті оқыған, тәрбиелі отбасының балаларынан да кездесіп жатады. Кей жағдайда әлеуметтік желілер арқылы да зиянды дүниелердің насихатталуы әсер етеді.

Спорт пен салауатты өмір салты — нашақорлықтың алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі. Кеңес заманында да қиын балалармен жұмыс та жасалынды, үлкен отырларда балалардың тәрбиесі жөнінде, спортқа тарту жөнінде маңызды мәселелер қозғалатын. Спортпен айналысуға жағдай жасалған, құрал-жабдық жеткілікте ме деген сұрақ көтерілетін. Бүгінде барлық жағдай бар. Іші түрлі спорттық құралға толған жабдық зал керек пе, жасыл газон төселген ашық алаң керек пе? Жеке бапкер таңдайсың ба? Жоқ тегін айналысқың келе ме? Бар мүмкіндік бар. Спорт адамға мақсат қоя білуді, тәртіпті, өзін-өзі бақылауды үйретеді. Спортпен айналысқан адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарайды және зиянды әдеттерден аулақ болады. Сондықтан, тағы қайталап айтамын, баланың жүріс-тұрысы бала кезінен бақылауда болу керек. Бос уақытында немен айналысады, араласатын ортасы қандай, неге қызығушылық танытып жүр деген сұрақтарға өздері бірінші қызығушылық ояту керек. Басты назарға алынуы керек. «Көйлегі көктік, қарыны



тай жетістігін бағалап, қолдау көрсету арқылы өз-өзіне деген сенімін арттыруға тырыстым. Уақыт өте келе олардың көзқарасы өзгеріп, бос уақытын тиімді пайдалануға, денсаулығына мән беруге бет бұра бастады. Нәтижесінде, спортты серік етіп, зиянды әдеттерден бас тартқан, өмірге жауапкершілікпен қарайтын, алға мақсат қоя білетін жастар қалыпта-

са, мотивациялық жұмыстардың жеткіліксіздігі де байқалады. Жастарға үлгі болатын тұлғаларды кеңінен насихаттау, жетістікке жеткен спортшылармен кездесулер ұйымдастыру, түрлі жарыстар мен бұқаралық спорттық іс-шараларды жиі өткізу әлі де жүйелі жолға қойылмаған. Ақпараттық насихаттың әлсіздігі салдарынан көптеген жас спорттың мүмкіндіктері мен артықшылықтарын толық түсіне бермейді. Осы мәселелерді шешу үшін кешенді көзқарас қажет: инфрақұрылымды тең дамыту, жаттықтырушылардың біліктілігін арттыру, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын күшейту және жастардың қызығушылығын оятатын заманауи, тартымды жобаларды іске асыру маңызды. Сонда ғана біз салауатты өмір салтын ұстанатын, белсенді әрі мақсатшыл ұрпақ тәрбиелей аламыз. Бұрын жастарды жаман әдеттен сақтауда отбасы тәрбиесі, үлкендердің сөзі, ауылдың, қоғамның бақылауы маңызды рөл атқаратын. Қазір бұл жүйе әлсірегендей көрінеді. Әркім өзімен-өзі, бұл да жастардың теріс жолға түсуіне әсер етуі мүмкін. Спортшы ретінде тәртіп пен жауапкершілік мен үшін әрдайым басты құндылықтардың бірі болды. Бұл екі қасиет тек спорттағы жетістікке жетудің ғана емес, өмірде өз орнында тұрудың да негізгі тірегі деп есептеймін. Себебі тәртіп – күнделікті еңбекті жүйелеуге, ал жауапкершілік – сол еңбектің нәтижесіне адал қарауға үйретеді. Осы қасиеттер кез келген жасты теріс жолдан сақтай алады деп сенемін. Тәртіп бар жерде нақты мақсат қалыптасады, ал мақсат адамды алға жетелейді. Мақсаты бар жас өз уақытын бағалайды, әр сәтін пайдалы іске жұмсауға тырысады. Мұндай жағдайда бос уақыттың өзі дамуға, шыңдалуға бағытталады, ал зиянды әрекеттерге орын қалмайды. Спорт адамның мінезін шыңдап қана қоймай, ерік-жігерін қалыптастырады. Жеңіліс пен жеңісті қатар қабылдауға, қиындыққа мойымасуға, өз-өзіндік үнемі жетілдіруге үйретеді. Осындай ортада тәрбиеленген жас жауапкершілігі жоғары, сөзі мен ісіне берік, қоғамға пайдалы тұлға болып қалыптасады. Сондықтан жастарды спортқа баулу – тек денсаулықты нығайту емес, олардың болашағына салынған берік негіз деп білемін.

— Болашақ ұрпақтың дені сау, саналы болуы үшін қоғам қандай бағытқа басымдық беруі керек?

— Ол – тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігі. Бұл үшін ең алдымен білім беру жүйесі сапалы әрі қолжетімді болуы шарт. Білім тек ақпарат берумен шектелмей, жас буынның ойлау қабілетін дамытып, өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы керек. Сонымен қатар тәрбие мәселесі де назардан тыс қалмауы тиіс. Отбасы мен мектептің бірлескен жұмысы арқылы жасөспірімнің бойына адамгершілік, жауапкершілік, еңбекқорлық секілді асыл қасиеттер сіңіріледі. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу де аса маңызды. Тілін, дәстүрін, мәдениетін құрметтеген ұрпақ өз тамырынан ажырамайды, рухани тұрғыдан мықты болады. Осындай кешенді бағыттағы жұмыстар үздіксіз әрі жүйелі түрде жүргізілгенде ғана біз болашағы нық, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Әйгерім ЖАРТИНА



тоқтық, аздырар адам баласын» деген заман келді. «Балаңды аясаң, аяма» деген де сөз бар. Ата-аналар кеш болмай тұрып ойлану керек. Нашақорлықпен күресте отбасы, мектеп және спорт ұйымдары бірлесе жұмыс істеуі тиіс. Әрқайсысының рөлі бөлек болғанымен, мақсаты ортақ — сау, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

— Өз тәжірибеңізде зиянды әдеттерге бейім жастар кездесті ме?

— Өз тәжірибемде түрлі әлеуметтік ортадан шыққан жастармен жұмыс істеуге тура келді. Олардың арасында бастапқыда тәртіпке бағынғысы келмейтін, жауапкершіліктен қашқақтайтын, тіпті зиянды әдеттерге бейім болғандары да кездесті. Мұндай жағдайда тек қатаң талап қоюмен шектелу жеткіліксіз екенін түсіндім. Ең алдымен, әр жастың ішкі жан дүниесін түсініп, сеніміне кіру, жеке әңгіме арқылы ой-пікірін білу маңызды болды. Жүйелі жаттығу, нақты мақсат қою және сол мақсатқа бірге ұмтылу олардың бойында тәртіп пен табандылықты қалыптастырды. Әрбір кішкен-

сты. Кейбірі тіпті жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Бұл – тек олардың ғана емес, қоғам үшін де маңызды жетістік. Осындай өзгерістерді көргенде, еңбектің зая кетпегенін сезінесің және әр жастың дұрыс бағыт алуы үшін уақыт пен сенімнің қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте ұғынасың.

— Қазіргі таңда жастыруды спортқа тартуда қандай олқылықтар бар деп санайсыз?

— Басты олқылықтардың бірі — инфрақұрылымның барлық жерде бірдей дамымауы деп санаймын. Әсіресе, ауылдық жерлерде заманауи спорт алаңдарының, жабдық кешендердің, білікті жаттықтырушылардың жетіспеуі жасөспірімдердің тұрақты түрде спортпен шұғылдануына кедергі келтіреді. Қала мен ауыл арасындағы мүмкіндіктер алшақтығы да айқын сезіледі. Өзім аудандық спорт бөлімінде қызмет етіп жүрген кезде ауданның спорт саласының инфрақұрылымдарын жақсартуға бар күш жігерімді салдық,

ЖЕҢІС ЛЕНТАСЫ – ЕРЛІКKE TAҒЗЫMНЫҢ БЕЛГІCІ

Мамыр айының шуақты күндерімен бірге келетін Ұлы Жеңіс мерекесі – әрбір қазақстандық үшін қастерлі мейрам. Осы айтулы күнге орай ауданда игі дәстүрге айналған патриоттық акциялар легі өтті.



Соның бірі - аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен ауыл көшелерінде «Жеңіс лентасы» салтанатты түрде таратылды. Аудан орталығының адам көп шоғырланатын тұстарында

бой көрсеткен белсенді жастар тұрғындарға көк түсті ленталарды тағып, мерекенің маңызын тереңінен түсіндірді. Бұл жай ғана мата қиындысы емес, бұл – сұрапыл соғыс жылдарындағы ата-бабаларымыздың көрсет-



кен ерен ерлігіне, майдан даласында қалған боздақтардың рухына және тылдағы қажырлы еңбекке деген шексіз тағзымның белгісі.

«Жеңіс лентасы – бейбіт өмір мен батыр бабаларымыздың ерлігіне деген құрметтің белгісі. Осындай тағылымды шаралар арқылы елге деген сүйіспеншілік

пен тарихи жадымызды дәріптеуді мақсат тұтамыз», - дейді ұйымдастырушылар.

Көк түсті лента – біздің тәуелсіздігіміз бен бейбіт аспанымыздың нышаны. Акция барысында ауыл ақсақалдары жастардың бұл бастамасына ризашылықтарын білдірді.

«Жем-Сағыз» ақпарат

Шара

ЖЕРЛЕСТЕР КОМАНДАCЫ ФУТБОЛ ТУРНИРИНДЕ ТОП ЖАРДЫ

Отан қорғаушылар күніне орай Ақтөбе облысы бойынша “Еңбек мобильдігі орталығы” ұйымдастырған облыстық футбол турнирінде Байғанин ауданының мансап орталығы үздік нәтиже көрсетіп, чемпион атанды. Облыстың қала-аудандарынан жиналған тоғыз команда бақ сынаған жарыста байғаниндік мамандар ұйымшыл ойын өрнегімен ерекшеленді.

Турнирде облыс бойынша мансап орталықтары мен еңбек мобильдігі орталықтарынан жиналған мамандар жасыл алаңда шеберліктерін ортаға салды. Мұндай спорттық шаралар – сала мамандарының басын қосатын игі дәстүрдің бірі.

Аталған турнирге облыстың аудандық мансап орталықтарынан жалпы саны 9 команда қатысып, өзара бақ сынасты. Атап айтқанда, жарысқа Еңбек мобильдігі орталығы, сондай-ақ Қобда, Байғанин, Ырғыз, Темір,



Қарғалы, Алға, Ойыл, Мұғалжар, Әйтеке би, Мәртөк аудандары мен Ақтөбе қаласының мансап орталығы қатысты.

Финалдық кезеңге Қобда, Ырғыз, Темір және Байғанин аудандарының командалары шықты. Турнир қорытындысы бойынша жылдам шабуылдар мен сенімді қорғаныстың арқасында байғаниндік мансап орталығының командасы жүлделі I орынды иемденіп, чемпион атан-

ды. Команда ойыншылары ұйымшылдық пен шеберліктің үлгісін көрсетіп, қарсыластарынан басым түсті.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен марапатталды. Ал үздік ойын өрнегін көрсеткен Байғанин ауданы мансап орталығының команда ойыншысы Атамұрат Рысбаев «Үздік сұрмерген» жеке номинациясымен марапатталды.

“Мұндай шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде ұйымдастырылып, аудандық орталықтар арасындағы байланысты бекемдей түспек. Бұл тек спорттық жеңіс емес, бұл біздің ұжымның бірлігі мен табандылығының нәтижесі. Күнделікті жұмыста да, спорт алаңында да біз бір командамыз», - деп атап өтті Байғанин ауданы мансап орталығының команда өкілдері.

Әйгерім Әнуарбек

ЖАСӨСПІРІМ КЕЗЕҢІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Жасөспірім кезең - адам өміріндегі ең күрделі әрі маңызды даму сатыларының бірі. Бұл кезең шамамен 11 жастан 18 жасқа дейінгі аралықты қамтиды. Осы уақытта бала физиологиялық тұрғыдан ғана емес, психологиялық жағынан да үлкен өзгерістерді бастан кешіреді. Жасөспірім енді бала емес, бірақ толыққанды ересек те емес. Сондықтан оның ішкі жан дүниесінде қайшылықтар мен ізденістер көп болады.

Ең алдымен бұл кезеңде өзін-өзі тану процесі қарқынды жүреді. Жасөспірім «Мен кімін?», «Қандай адам болғым келеді?» деген сұрақтарға жауап іздей бастайды. Ол өз қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтап, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға ұмтылады. Бұл тұлғалық дамудың негізгі кезеңдерінің бірі.

Сонымен қатар, жасөспірімдердің эмоциялық жағдайы тұрақсыз болуы мүмкін.

Көңіл-күйі жиі өзгеріп, кейде себепсіз ашулану, ренжу, немесе тұйықталу байқалады. Мұның себебі ағзадағы гормондық өзгерістер мен психологиялық қысым. Осы кезеңде олар өз сезімдерін толық түсініп, басқара алмай жатады.

Жасөспірімдер үшін тәуелсіздікке ұмтылу да ерекше маңызды. Олар ата-ананың бақылауынан шығып, өз бетінше шешім қабылдағысы келеді. Кейде бұл қарсылық көрсету,

өз пікірін дәлелдеуге тырысу, арқылы байқалады. Бұл - олардың ересек өмірге қадам басуының бір белгісі.

Сонымен бірге, жасөспірім кезеңде құндылықтар жүйесі қалыптасады. Олар өмірге, қоғамға, адамдарға деген көзқарасын айқындай бастайды. Жақсы мен жаманды дұрыс пен бұрысты ажыратуға үйренеді. Бұл кезеңде дұрыс бағыт - бағдар беру өте маңызды.

Қорыта айтқанда, жасөспірім кезең - тұлғаның қалыптасуындағы шешуші уақыт. Бұл кезеңдегі психологиялық өзгерістер табиғи әрі заңды құбылыс болып табылады. Сондықтан ата-аналар мен мұғалімдер жасөспірімдерді түсіністікпен қабылдап, қолдау көрсеткені жөн. Жылы қарым - қатынас пен сенім арқылы ғана жасөспірім өз жолын дұрыс таба алады.

А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің педагог-психологі
Төңізбаева Ақманат Оразбайқызы
Байғанин ауданы

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. * Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

Құттықтаймыз!

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Жармағанбетов көшесі 48 үй тұрғыны Тлеубергенов Нұрбек Құлмырзақұлын зейнеткерлік жаспен құттықтай!

Абыройлы еңбектен - құрметті зейнетке



Ардақты Нұрбек құда! Сізді ұзақ жылдар бойы «Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Байғанин аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінде басшы қызметін абыройлы атқарып, зейнеткерлікке шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбегіңіз еленіп, елге жасаған қызметіңіз әрдайым жоғары бағаланды. Қай істі де жауапкершілікпен атқарып, өз салаңыздың білікті маманы, сыйлы азаматы болдыңыз. Ендігі өмір белесінде зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, береке тілейміз. Еңбегіңіздің зейнетін көріп, немерелеріңіздің қуанышына кенеле беріңіз.

Ізгі тілекпен, Құда-құдағиыңыз:
Нұрлан-Балдырған.
Құда балаңыз: Нұрсұлтан

ЕСІРТКІ – ӨМІРДІ ҰРЛАЙТЫН ҮНСІЗ ҚАУІП

Нашақорлық – қазіргі қоғамдағы ең өзекті әрі қауіпті мәселелердің бірі. Бұл тек жеке адамның ғана емес, тұтас ұлттың болашағына қауіп төндіретін әлеуметтік дерт. Есірткіге тәуелділік адам денсаулығын бұзып қана қоймай, оның рухани, психологиялық және әлеуметтік жағдайына да ауыр зиян келтіреді.



Ең алдымен, нашақорлықтың пайда болу себептеріне тоқталу қажет. Көп жағдайда жастар есірткіні қызығушылықпен, достарының ықпалымен немесе өмірдегі қиындықтардан қашу үшін қолдана бастайды. Кейбіреулер күйзеліс, жалғыздық немесе өз-өзіне сенімсіздік салдарынан осы жолға түседі. Өкінішке қарай, алғашқы «тәжірибе» уақыт өте келе тәуелділікке айналып, адам өз өмірін өзі басқара алмайтын жағдайға жетеді.

Нашақорлықтың адам ағзасына тигізер зияны орасан зор. Есірткі жүйке жүйесін бұзады, жүрек, бауыр, бүйрек сияқты маңызды мүшелердің жұмысын әлсіретеді. Сонымен қатар, адамның ойлау қабілеті төмендеп, есте сақтау қабілеті нашарлайды. Психологиялық тұрғыдан алғанда, нашақор адам ашушаң, күйгелек болып, қоғамнан оқшаулана бастайды.

Бұл дерттің қоғамға тигізетін зияны да аз емес. Нашақорлық қылмыстың өсуіне, отбасы-

лардың бұзылуына, жұмыссыздықтың артуына алып келеді. Есірткіге тәуелді адамдар көбінесе заңсыз әрекеттерге барып, өз өмірін ғана емес, айналасындағы адамдардың өмірін де қауіпке тігеді.

Нашақорлықпен күресу – тек мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Ең алдымен, жастар арасында дұрыс тәрбие мен түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды. Спортпен айналысу, білім алу, пайдалы әдеттер қалыптастыру – есірткіден аулақ болудың тиімді жолдары. Сонымен қатар, ата-аналар балаларына көбірек көңіл бөліп, олардың ортасын, мінез-құлқын бақылап отыруы қажет.

Нашақорлық – болашақты бұзатын қауіпті жол. Әр адам өз өмірінің құндылығын түсініп, зиянды әдеттерден аулақ болғаны жөн. Салауатты өмір салтын ұстану – жарқын болашақтың кепілі.

«Бағанин аудандық ішкі саясат бөлімі» ММ

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ-ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ

Олжас Сүлейменов-қазақ әдебиеті мен қоғамда рекше орны бар тұлға. Ол 1936 жылы 18 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген. 2026 жылы көрнекті ақынның туғанына 90 жыл толып отыр, бұл оның мұрасын қайта жаңғыртып, бағалай түсетін маңызды кезең.

Сүлейменов шығармашылық жолын поэзиядан бастап, терең мазмұнды өлеңдері арқылы кең танылды. Оның туындыларында тарих, тіл, адамзат өркениеті сияқты іргелі тақырыптар қозғалып, оқырманды ойлануға жетелейді.

Жазушының ең танымал еңбектерінің бірі – «Аз и Я» зерттеу кітабы. Бұл еңбекте ол көне жазбалар мен түркі әлемінің байланысын қарастырып, тың ғылыми пікірлер ұсынады. Кітап жарық көрген кезде қоғамда үлкен пікірталас тудырып, автордың батыл ой иесі екенін көрсетті.

Сонымен қатар, Сүлейменов қоғамдық қызметте де белсенді

болды. Ол ядролық сынақтарға қарсы құрылған «Невада-Семей» қозғалысының бастамашысы ретінде танылып, әлемдік деңгейде маңызды мәселеге назар аударды.

Ақын дипломатиялық қызметте де еңбек етіп, Қазақстанның халықаралық беделін арттыруға үлес қосты.

Қорытындылай келе, Олжас Сүлейменов-жан-жақты дарын иесі, ел үшін еңбек еткен ірі тұлға. Оның шығармалары мен қоғамдық қызметі халық жанында сақталып, ұрпаққа үлгі болып қала береді.

Байғанин аудандық соты

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы
Қарауылкелді селосы,
Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1404
Тапсырыс №628
Көлемі 1 баспа табақ.